



## ТҮРІКМЕНСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТКЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ

Түрікменстан көмірсутек шикізатынан бастап басқа да көптеген қазба байлықтарының үлесі жағынан Орталық Азия елдерінің арасында айтарлықтай дамып келе жатқан елдердің бірі болып табылады. КСРО ыдырағаннан кейін аса көп мөлшерде табиғи газ ресурстарына ие Түрікменстан, іске асырған құрылымдық реформалары арқылы экономикасын біршама жақсартты. Алайда 2014 жылдан кейін басқа Орталық Азия елдері сияқты, Түрікменстан елі де экономикалық әлеуетін әлсіретіп күтпеген үш қиындықпен бетпе-бет келді: (1) мұнай және табиғи газ бағаларының зор қарқынмен төмендеуі, бағалар кей кезеңдерде жоғарыласа да, төмендеген қалпын сақтап қалады деген болжамның үстемдігі; (2) Ресей мен Қытай сияқты алпауыт сауда серіктестерімен арадағы экономикалық байланыстар азаюы; (3) ұлттық валюталарына қатысты қысымдардың күшеюі. Осындай жағдайда Түрікменстан соңғы жылдары ЖІӨ өсу қарқынының бәсеңдеуі, ағымдағы баланстың әлсіздігі, қаржы секторының нашарлауы және девальвацияның айтарлықтай маңызды мәселеге айналуы сияқты күрделі мәселелерді бастан өткерді.

Түрікменстан үкіметі 2008 жылғы ғаламдық дағдарыстың ел экономикасына тигізген зарарларын көріп, оның ықпалын азайту үшін 2008 жылынан бастап түрлі шараларды қолға ала бастаған болатын. Тұрақтылық қорының (Stabilisation Fund-SF) құрылуы, Түрікменстан мемлекеттік даму банкіне (State Development Bank of Turkmenistan-SDBT) және Тұрақтылық қорына фискалдық және монетарлық құрылымдардың қызметтерін жүктеу, қаржы ережелерін қолдануға енгізу, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуына байланысты Қаржы министрлігі мен «Түрікменстан мемлекеттік даму банкіне» ортақ жауапкершіліктер жүктеу және Тұрақтылық қорынан бөлінетін ресурстардың қолдану мөлшерлерін белгілеу үшін айқын ережелер құрастыру – осы сынды шаралардың көшін бастауда.

Ғаламдық дағдарыстан кейін Түрікменстан үкіметі 2008 жылы ел ішіндегі экономикалық жағдайды қолдау мақсатында қаржылай қолдау пакетін жүзеге асыру үшін Тұрақтылық қорын (ТҚ) құрды. Ал 2011 жылы ел ішіндегі банктердің көмегімен мемлекеттің мекемелеріне несиеліріп, Президент тарапынан қабылданған жобалардың жүзеге асырылуы үшін мемлекеттік және шетелдік қаржыға қол жеткізу үшін «Түрікменстан мемлекеттік даму банкі» (ТМДБ) құрылады. Сондай-ақ Түрікменстан үкіметі, жоғарыда атап өтілгендей ТМДБ мен ТҚ-на фискалдық және монетарлық құрылымдардың қызметтерін жүктейді. Осыған орай ТМДБ экономикаға тікелей немесе коммерциялық банктер арқылы несиелі бері

алатынын да атап өту қажет. Фискалдық саясат (мемлекеттік бюджет саясаты) және монетарлық саясаттардың (пайыздық мөлшерлеме саясаты, несиелі беруді жеңілдету және т.б.) жүзеге асырылуына үкіметпен бірге ТҚ және ТМДБ де жауапты болып табылады.

ТҚ ресурстарын ТМДБ-нің қолдануы үшін белгіленген жылдық лимит Президенттің шешімімен белгіленеді. Жоғарыда айтып өтілгендей, мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуында Қаржы министрлігі мен ТМДБ тең жауапкершілікке ие. Мысалы Қаржы министрлігі мемлекеттік бюджет арқылы «Ауылдық даму жоспарының» (әлеуметтік жобаларға қатысты барлығын қосқанда) іске асырылуына жауапты болса, ТМДБ инфрақұрылым, құрылыс және экономика сияқты басқа мемлекеттік бағдарламалардың орындалуына жауапты. Сонымен қатар, мемлекеттік бюджет сияқты басқа бағдарламалардың орындалуына да жауапты. Сондай-ақ, мемлекеттік бюджеттің Парламенттің шешіміне тікелей тәуелді екені мәлім, алайда ТҚ тарапынан аударылатын үлестердің Парламент шешімін қажет етпейтінін айтуымыз қажет. Түрікменстан үкіметі әрбір қаржы жылының соңында мемлекеттік бюджеттің шығындарға қарағанда табысының көбірек болуы үшін 2008 жылы ТҚ-на арналған қарапайым қаржы ережесін енгізіп, ТҚ-нан бөлінетін ресурстардың мөлшерін белгілеу үшін айқын ережелер құрастырды. Осы орайда, үкімет ресурстарды мемлекеттік табысы жоғары бағдарламаларға жұмсау үшін ұзақ мерзімді стратегия қабылдады. Бір жағынан мемлекеттік шығыс саясатының мақсаттары мен шаралары арасындағы ұқсастық пен сәйкестікті жүзеге асыру үшін үкімет, ТМДБ мен ТҚ арасындағы координацияны жақсартуға бағытталған саясаттар жүргізе бастады.

Жоғарыда айтылған экономикалық қиындықтың әсерінен Түрікменстанда ЖІӨ өсу қарқыны жылына 10,3 пайыз болса, 2015 жылы 7 пайызға дейін төмендеген және 2016 жылы 6 пайыз болады деген болжамдар жасалуда. ЖІӨ-дегі мұндай төмен көрсеткіштің бірден-бір себебі айтарлықтай мөлшерде азайған табиғи газ және мұнай өндірісі мен төмендеп жатқан бюджет кірістерінің салдарынан туындаған. Бұған қоса 2014-2015 жж. Әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы аясында кеңейтілген қаржы саясаттары жүзеге асырыла бастады. 2014 жылы мемлекеттік шығын шамамен 12 пайыз және мемлекеттік кіріс 8 пайызға артқан. Мемлекеттік кірістің барлығына жуығын құрайтын салық кірістерінің басым бөлігі көмірсутек табыстарынан құралған. Көмірсутегі саласы ЖІӨ-нің шамамен 35 пайызына тең келеді және осы саладан түскен табыс мемлекеттік кірістің шамамен 80 пайызын құрайды.

Жоғарыда тоқталған экономикалық қиындықтарға қарсы Түрікменстан үкіметі бюджет белгілеуде тиімділікті арттыру үшін түрлі саясаттарды жүзеге асыруда. Осылайша ТҚ ТМДБ-мен ұйымдасқан түрде бюджеттен тыс қорларды мемлекеттік бюджетке жинақтау арқылы бюджеттің ауқымын кеңейтіп, бюджет үдерісін бір қалыпқа келтіруде. 2013-2014 жж. арасында әлеуметтік шығындардың жоғары болуына байланысты бюджет профицитінің ЖІӨ-дегі үлесі 2013 жылғы көрсеткіші 6,2 пайыздан 2014 жылы 1,5 пайызға дейін төмендеген. Ал 2015 жылы көмірсутек кірістерінің төмендігінен және инвестициялық шығындарға байланысты шамамен 1 пайызды көрсеткен. Алайда табиғи газ экспортындағы арту болжамдарына байланысты бюджет балансы жақсарды деген жорамал бар. Қанша дегенмен Түрікменстан үкіметі 2012-2016 жылдар аралығында либералды салық саясатын жүзеге асырса да, 2015 ж. бюджетте мемлекеттік шығындардың азайғанын көруге болады. Мұндай жағдай мемлекеттік инвестициялардың өсу қарқынында бәсеңсуге жол ашпаумен қатар инфляция деңгейін тұрақты ұстап тұруға септігін тигізген (2014 жылы 4,2 пайыз болса, 2015 жылы 3 пайызды көрсеткен). Осылайша ТМДБ мемлекеттік инвестиция жобаларының арасынан дұрыс таңдау жасау және ол жобаларды бақылау арқылы мемлекеттік инвестицияларды жақсартып, тиімді және табысы мол жобаларға басымдық танытуда. ТМДБ сондай-ақ, энергетика саласындағы шығындарды азайту үшін нақты энергетика жобаларына бөлінген ынталандыру шараларын орындау мақсатында оңалту бағдарламаларын іске асыруда.

Қысқаша Түрікменстан үкіметі құрылымдық шеңберге сүйене отырып нақты әрі берік қаржы саясаттарын жүзеге асыруда. Осы аяда жаңа бюджет қоздырғы қолданысқа енгізу – қаржылық менеджмент және қаржы ашықтығын жүзеге асыру тұрғысынан қайта жанғыру кезеңі деген баға беруге болады. Үкімет осы жүйе арқылы бюджеттік іс-шараларды біріктіруге күш жұмсап, ТҚ және ТМДБ арасындағы координацияны арттыра алады және қаржы саясаттарын жүзеге асырудағы ашықтықты жоғары деңгейге жеткізе алады. Мемлекеттік шығыстардың координациясы мен сапасын жақсарту қаржы саясаттарын жүзеге асыруды ыңғайтуға өз септігін тигізеді. Бұдан басқа, Түрікменстан экономикасында салыстырмалы түрде жоғары ЖІӨ деңгейіне қол жеткізу үшін мемлекеттік қаржы балансында тұрақтылықтың болуы кезек күттірмес мәселе болып табылады. Бұған қол жеткізу үшін бұрынғыдан жақсы макроэкономикалық әлеуетке қол ашатын нақты қаржы саясаттарын қолданысқа енгізу қажет.

Жазушы: Хайал Айча Шимшек,

Еуразия ғылыми-зерттеу институты, Қазақстан

## Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайып Ердоған 150 бизнес өкілінен құралған Сыртқы экономикалық қатынастар кеңесі мүшелерімен бірге Кот-д'Ивуар, Гана, Нигерия және Жаңа Гвинея елдерін қамтыған Батыс Африка аймағына жұмыс сапарын жасады. Сапардың басты мақсаты Африка елдерімен стратегиялық ынтымақтастықты нығайту және Батыс Африка елдері экономикалық ынтымақтастығына (ECOWAS) мүше елдермен қарым-қатынасты нығайту болып табылады.
- Көрші ел болып табылатын Ауғанстанда жағдай ушығып тұрған тұста, Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердымухамедов қауіпсіздік қызметі төрағасы Гунигелди Ходжабердиев және Мемлекеттік шекара қызметі басшысы Мурат Исламов сияқты қауіпсіздік саласына жауапты кейбір құзыретті тұлғалардың қызметтерін ауыстырды.
- Тәжікстан Парламенті, елдің Президенті Эмомали Рахманға мерзімсіз президент сайлану құқығын танытын атазаңға өзгерістер енгізді. Өзгерістер сондай-ақ президенттікке үміткерлердің жасын 35 жастан 30 жасқа дейін төмендету туралы бапты да қамтиды.
- АҚШ Президенті Барак Обама Украинада болып жатқан оқиғалар себебінен Ресейге салған санкцияларын тағы бір жылға созу туралы шешім қабылдады. 13660-нөмірлі жарлықтың шешімінде қоғамға хабарланған санкциялар кейбір Ресей азаматтарын және іскерлері мен фирмаларына қатысты тұстар қарастырылған.
- Пәкістан құрлық күштері басшысы, генерал Рахил Шаариев Тәжікстанға жасаған ресми сапарында Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен қауіпсіздік саласы бойынша екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайту турасында келіссөз жүргізген. Кездесу барысында терроризмге қарсы күштердің әлеуетін жақсарту үшін Пәкістанның Тәжікстанға көмек беру мүмкіндіктері туралы сөз қозғалды.
- Қырғызстан мемлекеттік шекара қызметі басшысы орынбасары Абдикерим Алимбаев елдің шекара аймағындағы қауіпсіздік жүйесінде жаңа реформа жүргізетінін мәлімдеді. Аталмыш реформа шекара барлау күштерін шоғырландыру және техникалық құрылым мен жабдықтарды жақсарту және шекара қорғау қызметкерлердің кәсіби оқу-жаттығу жұмыстарын кеңейтуді көздейді.

### Экономика, қаржы және энергия

- ВР Әзірбайжан тарапынан дайындалған есеп бойынша 2015 жылы Өзе-

ри-Шираг-Гүнешли жобасының операциялық шығындары мен капитал құны кезегі бойынша шамамен 76 миллион доллар және 1,96 миллиард долларды құраған. Өзери-Шираг-Гүнешли кеніштерінде жалпы өндіріс күніне шамамен 634,000 баррель және 231 миллион баррель болған. Жалпы бұл көрсеткіш 31,3 миллион тоннаны құрайды.

- Өзбекстан ұлттық компаниясы Uzbekneftegaz, Өзбекстанның Кашкадария аймағында орналасқан Шаркиу Бердах мұнай және табиғи газ саласы бойынша 293,94 миллион доллар көлемінде қосымша компрессор бекетінің құрылыс жұмыстары басталды.
- Тәжікстан Энергетика және су ресурстары министрі Усманали Усмонзода Ресей мен Тәжікстан арасында 830 000 тонна мұнай өнімінің экспорт салығын төлеместен тасымалдануына қатысты келісім-шарт жасалғанын мәлімдеді. Осы келісім-шарт аясында Тәжікстан үстіміздегі жылы Ресейден 260 000 тонна мұнай, 310 мың тонна бензин және тағы басқа мұнай өнімдерін импорттауды жоспарлауда.
- Ресейдің Газпром мемлекеттік табиғи газ компаниясы. Қытай банкінен берілген 2 миллиард еуролық кредит лимитін тағы 5 жылға ұзату туралы Банкпен келісім-шарт жасалғанын хабарлады.
- Еуразия даму банкінің (EDB) Басқару кеңесі төрағасы Дмитрий Панкин және Азия даму банкі (ADB) төрағасы Так-ехико Накао арасында өткен кездесуде тараптар ортақ қаржыландыру келісім-шартына қол қойды. Осы келісім-шарт негізінде банктер Армения, Қазақстан және Қырғызстан мен Тәжікстандағы жобаларды қаржыландырады. EDB мен ADB банкітері 2021 жылға дейін 1 миллиард доллар және 2 миллиард доллар қаржылай көмек көрсетеді.
- Халықаралық қауымдастыққа көмек қоры (FINCA) Әзірбайжан жеке сектор жұмыстарының бір бөлігі ретінде ADB ұйымымен техникалық көмек туралы келісім-шарт жасаған. Ол келісім-шарт аясында ADB FINCA Әзірбайжанның құрылымдық даму және әлеуетін арттыру жұмыстарын тереңдетуді қолдау үшін 400 мың доллар көлемінде техникалық көмек аударған.
- Ресей-Қырғыз даму қорының басқару кеңесі төрағасы Нұрсұлтан Ахметова қордың есепке алынған капиталының 350 миллион доллар болғанын және оның 265 миллион доллары ресейлік банктерде уақытша бос ақшалай қаражат түрінде жатқанын атап өтті. Өз жұмысын бастағанына 7 ай толған мерзімде қор 43 миллион до-

лар көлемінде жобаларды қаржыландырды және 2016 жылы 160 миллион доллар тағы да қаржы бөлуді жоспарлауда.

- Қырғызстан Ұлттық банкі төрағасы Толкунбек Абдугулов, Қырғызстанға сырттан келген жұмысшылардың табыстары 2015 жылы 500 миллион долларға азайып, 1,344 миллиард долларды құрағанын және бұл көрсеткіш 2014 жылдағы мөлшерден шамамен ¼ аз екенін атап өтті. Сондай-ақ, жұмысшы табыстары рубль бойынша 10,4 пайызға артқан.
- Әзірбайжан депозиттерді сақтандыру қоры өкілетті кеңесінің кезектен тыс өткен жиналысында Әзірбайжан ұлттық банкімен жасалған келісім-шарт аясында валюталық депозиттердің пайыздық үстемалының жоғарғы деңгейі 2016 жылдың 1 наурызынан бастап 12 пайыздан 3 пайызға төмендету жайында шешім қабылданған.
- Қазақстан Ұлттық экономика министрлігіне қарасты Статистикал комитетінің мәлімдеуі бойынша 2016 жылдың қаңтар-ақпан айларында тұтынушы бағаларының инфляциясы 2,5 пайызды көрсетті. 2016 жылдың алғашқы екі айында азық-түлік, азық-түліктен тыс өнімдер мен ақылы қызметтер бағалары реті бойынша 2,7 пайыз, 1,8 пайыз және 2,8 пайызға артқан.

### Қоғам және мәдениет

- Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел тарихында алғаш рет тойланып отырған «Алғаш күнімен» барша қазақстандықтарды құттықтады.
- Өзбекстан Сыртқы істер министрлігінің мәліметі бойынша табиғи, технологиялық және экологиялық апаттардың алдын алу және жою жұмыстары бойынша ынтымақтастық орнату үшін Өзбекстан мен Әзірбайжан арасында үкіметаралық келісім-шарт күшіне енді.
- Росприроднадзор федералды қызметі солтүстік Сахалиндегі Эхаби аймағында тоқтап тұрған мұнай құбырын жөндеу жұмыстары кезінде 15 тонна мұнай төгілгенін мәлімдеді. Мұнай төгілген аумақтың бақылауға алынғаны және оның жайылу қаупі жоқ екенін ескертті.
- Марс планетасына адам ұшыру сынақтарының бір бөлігі ретінде Халықаралық ғарыш стансасында өткен 340 күннен кейін ресейлік ғарышкер Михаил Корниенко мен американдық астронавт Скотт Келли мінген Союз ТМА-18М ғарыш кемесі Қазақстанның Жезқазған аймағына қонды.